

**Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № XXXII-5 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 31 қазанда N 4-5-152 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № IX-5 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 07.12.2012 № IX-5 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес, Қызылқоға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына мынадай әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

- 1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау – бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алу аудандық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (О. Жанықұлов) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті  
XXXII-сессиясының төрағасы *Т. Губайдуллин*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Т. Бейсқали*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК